

Подводя итоги, с уверенностью можно сказать, что экономике Республики Казахстан есть куда стремиться. Для решения ранее упомянутых проблем необходимо обратить внимание на отрасли в сфере производства. Одно рабочее место в данной сфере создаст несколько рабочих мест в ближайших отраслях, что поможет стране в борьбе с безработицей.

Литература:

1. Официальный сайт Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан <https://stat.gov.kz>
2. Официальный сайт Президента Республики Казахстан // https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana

Мейрман А.М., 4 курс (Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ)
Ғылыми жетекші – э.ғ.к., қауымдастырылған профессор Райханова Г.А.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Жұмыссыздық мәселесі-бүкіл әлемде экономиканы дамытудағы басты проблемалардың бірі. Өзектілігі жұмыссыздықты жеңу мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттерінің бірі болғандықтан, жұмыспен қамту көптеген адамдар үшін негізгі табыс көзі болған және болып қалады, ал кірістің өсуі ұлттық табыстың өсуіне әкелетін жиынтық сұраныстың артуын білдіреді.

Менің ғылыми жұмысымның мақсаты-қазіргі жағдайда жұмыссыздық мәселелерінің мәнін, негізгі себептерін және шешімін табу. Оған жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- жұмыссыздықтың мәнін, себептерін және түрлерін қарастыру;
- жұмыссыздықтың әлеуметтік-экономикалық салдарын анықтау;
- жұмыссыздық деңгейін мемлекеттік реттеу әдістерін анықтау;
- жұмыссыздық мәселелерін шешудің жолдарын табу.

Еліміздегі жастар арасындағы жұмыссыздықтың себептері:

- ЖОО-да алынған біліміне сәйкес бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру жүйесінің ұйымдастырылмауы;
- еңбекнарығына қажетті мамандар мен ЖОО- да оқытылатын мамандықтардың сәйкес келмеуі;
- жастардың білім деңгейінің бәсекеге қабілеттілігі деңгейінің төмен болуы және жас мамандарды жұмысқа алғанда жұмыс берушілердің тәуекелділікке баруы;
- жұмыс берушілердің еңбек өтілінсіз жұмысқа алмауы;
- жастардың еңбекақыға қоятын талаптарының жоғары болуы;
- жас мамандарды жұмысқа орналастыру бойынша еңбекпен қамтамасыз ету қызметінің қажетті бағдарламалық және қаржылық қамтамасыз етілмеуі.

Қазіргі таңда, жұмыссыздықты жою мақсатында мемлекет тарапынан әр түрлі көмектер беріліп жатыр. Айта кетсек, Атамекен ұйымы ұйымдастырып жатқан қайтарымсыз гранттар. Сол гранттардың арқасында бизнесін бастай алмай жатқан жаңа кәсіпкерлер бизнес-пландарын ұсынып, конкурстық негізде гранттар алып жатыр.

2022 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілер саны өткен жылғы тиісті кезеңдегі сәйкес мерзіммен салыстырғанда 25,1% өсті. ШОК субъектілерінің жалпы санында дара кәсіпкерлер үлесі 67,6%, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 18,8%, шаруа немесе фермер қожалықтары – 13,4%, орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 0,2% құрады.

2022 жылдың 1 қазанына жұмыспен қамту орталығына жұмыс іздеуші ретінде хабарласқандар саны 4235 адам. Тұрақты және уақытша жұмысқа орналасқандар саны 1389 адам. Жыл басынан қоғамдық жұмыстарға 838 адам тартылды.

2022 жылдың 8 айы бойынша ауданда 1644 жаңа жұмыс орны ашылды, оның 581 тұрақты жұмыс орындары.

